

Үржар ауданының елді мекендеріндегі салық салу объектілерінің орналасқан жерін ескеретін аймаққа бөлу коэффициентін бекіту туралы

Шығыс Қазақстан облысы Үржар ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 29 қазандағы № 355 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 7 желтоқсанда № 7929 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Салық Кодексінің 529-бабының 6-тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің 2018 жылғы 12 қарашадағы "Аймаққа бөлу коэффициентін есептеу әдістемесін бекіту туралы" № 475 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2018 жылы 30 қарашада № 17847 тіркелген) сәйкес, Үржар ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Үржар ауданының елді мекендеріндегі салық салу объектілерінің орналасқан жерін ескеретін аймаққа бөлу коэффициенті осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. "Шығыс Қазақстан облысы Үржар ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін Үржар ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жолданылуын;

3) ресми жарияланғаннан кейін осы қаулыны Үржар ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Үржар ауданы әкімінің орынбасары Д.Хамитовқа жүктелсін.

4. Осы қаулы 2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Әкім

Н. Токсеитов

"КЕЛІСІЛДІ"

"Қазақстан Республикасы Қаржы

Министрлігінің мемлекеттік кірістер

Комитеті Шығыс Қазақстан облысы бойынша

мемлекеттік кірістер Департаментінің Үржар

С. Қыпшақов

2020 жылғы " " "

2020 жылғы 29 қазаны
№ 355 қаулысына
қосымша

**Үржар ауданының елді мекендеріндегі салық салу объектілерінің орналасқан жерін
ескертін аймаққа бөлу коэффициенті**

**Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Абай облысы Үржар ауданы әкімдігінің
28.05.2025 № 124 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік
он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

№	Елді мекендегі салық салу объектісінің орналасқан жері	Аймаққа бөлу коэффициенті
1	Қарақол ауылы	1,75
2	Абай ауылы	1,25
3	Сағат ауылы	1,20
4	Шолпан ауылы	1,70
5	Таскескен ауылы	1,75
6	Үш-бұлақ ауылы	1,20
7	Алтыншоқы ауылы	1,75
8	Лай-бұлақ ауылы	1,65
9	Теке-бұлақ ауылы	1,30
10	Айтбай ауылы	1,70
11	Сегізбай ауылы	1,65
12	Қарабұйрат ауылы	1,30
13	Жаңа-тілек ауылы	1,85
14	Тас-арық ауылы	1,65
15	Жоғарғы-Егінсу ауылы	1,80
16	Егінсу ауылы	1,60
17	Жанай ауылы	1,80
18	Ақжар ауылы	1,90
19	Қарамойыл ауылы	1,15
20	Амангелді ауылы	1,10
21	Үржар ауылы	2,10
22	Қызыл-Ту ауылы	1,60
23	Бургон ауылы	1,10
24	Бестерек ауылы	1,70
25	Ер-Қабанбай ауылы	1,50
26	Қазымбет ауылы	1,60
27	Барқытбел ауылы	1,60

28	Батпақты ауылы	1,50
29	Некрасовка ауылы	1,40
30	Теректі ауылы	1,25
31	Науалы ауылы	1,85
32	Малақ ауылы	1,45
33	Көлденең ауылы	1,75
34	Көкөзек ауылы	1,75
35	Елтай ауылы	1,60

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК